



# Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

# ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!



Мағжан



№16 (553)  
18 сәуір,  
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



## Нұрлан ҚҰЛМЫРЗАЕВ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИНСТИТУТЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІ АҒЫЛШЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Жуырда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Жасанды интеллект институты ашылды. Мұнда қыркүйектен бастап IT сала бойынша еліміздегі ең үздік мамандар білім алмақ.

Білім ордасының бағыты, оқуға қабылдау талаптары қандай? Бұл сұрақтардың жауабын білу үшін институт директоры Нұрлан Құлымырзаевқа хабарластық.

– Нұрлан Серікұлы, жуырда университетте жаңадан ашылған Жасанды интеллект институтының директоры болып тағайындалдыңыз. Институттың бағыты, қандай мамандықтар оқытылатыны туралы айтып берсеңіз...

– Академиялық білімді дамыту және ғылымды қолдау, жасанды интеллект саласы бойынша мамандар даярлау мақсатында Оңтүстік Кореяның Сеул Ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (SeulTech) Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті келісімге келді. Сол келісім аясында ашылған жасанды интеллект институты ("Institute of artificial intelligence") IT бағытындағы үздік мамандарды оқытады.

Оқуға түсетін талапкерлерге 4 мамандық ұсынылады. Атап айтсақ, Information systems (Ақпараттық жүйелер), Cybersecurity system (Киберқауіпсіздік жүйесі), Computer science (Компьютер ғылымы), Computer software and programming (Компьютерлік бағдарлама және бағдарламалау). Білім алушылар бағдарламалау негіздерін, үлкен деректерді талдау және жасанды интеллект, сондай-ақ машиналық оқыту сынды сұранысқа сай кәсіби дағдыларды да үйренеді.

5-бетте

## ЖАЗАҒА ТАРТЫЛҒАН «ЖАНКЕШТІЛЕР»

### ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ҚАУІПІ

Әлемде жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа елеулі қатер төндіретін экстремизм мен терроризмнің ықпалы кеңейіп отыр. Ұлттар осы қауіптердің көп қырлы сипатымен күресіп жатқандықтан, экстремистік әрекеттерге жауапты адамдарды анықтау және жауапкершілікке тарту маңызды рөлге ие. Кім кінәлі, не үшін ондай әрекетке барды дейтін сауалдар мемлекеттің тұтастығы мен амандығы үшін туындайды. Радикалды идеологиялардың жетегінде кеткендерден бастап, зорлық-зомбылықты қолдайтын ұйымдасқан топтарға дейін экстремизм мен терроризмнің құрамын толықтырады. Негізінде елімізде экстремистік ұйымдар мен жеке адамдардың әрекеті аз емес. Ол үшін кімдер жауапқа тартылып жатқаны да көп айтыла бермейді. Сол үшін елдегі және аймақтағы статистиканы саранптап, ұсынып отырымыз.

Ranking.kz мониторинг порталы жүргізген зерттеу нәтижесіне үңілсек, жыл сайын радикалды ұйымдардың әрекеті азайып келе жатқан көрінеді.

2-бетте



## ЖУРНАЛИСІМІЗ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына және «Абзал және К» компаниясының құрылғанына 30 жыл толуына орай ұйымдастырылған шығармашылық байқауда республикалық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинова жеңімпаз атанды.

Әріптесіміз «Дикан және журналист» тақырыбында қалам тербеп, ала жаздай дамыл таппайтын диканның кетпені мен жазуы жорғадай жүйкітін журналистің қаламында көпшілік көре бермейтін еңбек барын жеткізді. Аз сөзге көп мағына сыйғызған тілші дикан мен қаламгер қызметінің ерекшелігіне

тоқталды. Мағыналы мақала, ойлы жазбаларымен көптің көңілінен шыққан тілшімізді жеңісімен құттықтаймыз!

Жарыста 30-дан астам үміткер бақ сынап, байқау шартына сәйкес әлеуметтік желіде өз материалдарын ұсынды. Жеңімпаздар «Сыр Медиа» ЖШС-ның Алғыс хаты және «Абзал және К» компаниясының бағалы сыйлығына ие болды.

«АЖ» ақпарат

## БАСПАХАНАЛАРДЫҢ БАҒЫ

## ҚАШАН

## АШЫЛАДЫ?

Бүгінгі бас мақала баспахана жайында болмақ... Кітап пен газет-журналға жаны құмар жандар дайын дүниенің қолына қалай жеткеніне мән бере бермейді. Жусан пісіндей бұрқырап шыққан газет пен ақылына ақы сұрамайтын кітаптың перзентханасы – баспа үйлері!

Республикадағы баспа үйлерінің тарихы жүз жылдан тамыр тартады. Әйткенмен Сыр өңіріндегі баспа машиналары сыр бере бастағандай. Аймақтағы баспаханалар саусақпен санарлық. Оның тек екеуі ғана газет басып шығара алады. Кітапты тап-тұйнақтай етіп қолына ұстататын мамандар саны да аз. Сондықтан ба еліміздегі кітап сөрелеріндегі басылымдардың басым көпшілігін шетелдік өнімдер құрайды. Тек соңғы жылдары ғана қазақ тіліндегі кітаптар саны көбейіп келеді. Әлем әдебиетінің ең үздік үлгілерін аударып, басумен айналысатындардың көбі тәуелсіз баспагерлер. Жалпы, баспа нарығына қандай реформалар қажет екенін саралап көрдік.


3-бетте

Қызылорда қаласының тұрғыны Анар Сәбитханқызына осыдан 20 жыл бұрын сатып алынған автокөліктің иесі ретінде 100 мың теңге көлемінде салық төлеу туралы хабарлама келді. Алайда қала тұрғыны өз атында көліктің бар екеніне де бейхабар. Аң-таң Анар темір тұлпарды туысқан ағасының сатып алып, содан қарындасының атына жазғанын кеш біліпті. Туғанына шүйліккісі келмегендіктен бе, әлде анық-қанығын білуге құлық танытпағандықтан ба, білмейміз, Сәбитқызының бүгінде банк карталары бұғаттаулы, салық төлеуден жалтарып жүрген жайы бар.

## САЛЫҚ САЯСАТЫ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ



Бұл біз білетін жайттардың біреуі ғана, алайда тап осылай басы бөлеге қалып, салықтың құнынан шошынып жүрген қарапайым халық қаншама? Салықтың қалай жұмыс істейтіні, оның жүйесі мен мөлшері, құрылымынан хабары жоқ, білуге де құмартпайтын халық опық жеп қала бермек пе? Бүгін осы мәселенің мәніне терең үңілдік.



Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ



## ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ — АҚЫЛ-ОЙДЫҢ ӨРНЕГІ

Тоғызқұмалақ – өткен ғасырларда түркі халықтарында кеңінен тараған ойын. Ұлттық құндылықтарды спорттық ойындар арқылы жастардың бойына сіңіру әлем бойынша маңызды орынға ие. Тарихи деректерге сүйенсек, тоғызқұмалақ туралы ең көне жазбалар Шығыс Қазақстан облысынан табылған. Алтай Республикасы тоғызқұмалақты «тоғуз коргоол» деп біркелкі атай келіп, ата-бабаларымыздың ұлттық ойындары ретінде дәріптеп, ресми жарыстар жүргізіп келеді. Тоғызқұмалақ Алтай тауларынан кейін Тарбағатайдан Сауырға, одан Сарыарқа мен Жетісуға, бүкіл қазақ еліне таралған.

7-бетте

Басы 1-бетте

# САЛЫҚ САЯСАТЫ САЛҒЫРТТЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ



адам кемінде 85 мың теңге салық өтеуге міндетті болмақ. Соның есебінен зейнет жарнасын, әлеуметтік төлем, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды өндіруге тиісті болады. Ал такси жүргізушілерін айтатын болсақ, олар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, 1 ай көлемінде көлігі бұзылып қалса да, салықты төлеуге міндетті. Айта кетсек, такси жүргізушілерінің көпшілігі Яндекс, Индрайвер, Жұлдыз такси секілді такси қызметін ұсынатын компаниялармен бірлестікте жұмыс істейді. Мемлекетке салық төлейтін бұл компаниялар такси қызметкерлерінен 10% жарнаны өндіріп алады, соның үстінен тағы да салық сұрау – қарапайым халықты қанау деп білемін, – дейді салық expertі Мұрат Өмірзақұлы.

**Салық сипаты**  
Салық – заңды немесе жеке тұлғалардың мемлекеттік бюджетке өтеуі тиіс міндеттелген төлем түрі. Тәуелсіздік жылдарына дейін елде Кеңес одағының салық салу жүйесі болды. Ал одақ ыдыраған соң, 1991-1995 жылдары бірқатар заң қабылданып, Қазақстанның салық жүйесіне өзгерістер енді. Жергілікті және мемлекеттік деп тармақталатын салық 9 бөліктен тұрады. Олар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, жанама, корпорациялық табыс, жеке табыс, жер қойнауын пайдаланушылар салықтары мен арнаулы төлемдері, әлеуметтік, меншікке салынатын, жер, мүлікке салынатын салықтар болып бөлінеді. Жеке тұлғалар соның 3/9 бөлігіне салық төлейді. Атап айтсақ, көлік құралдары, жер және мүлік салығы. Ал заңды тұлғаға жүргізіп отырған бизнестің көлеміне байланысты салық салынады. Сонымен қатар, салықтарды орталық көмегіне жүгінбей-ақ, арнайы қосымша арқылы төлеуге болады.

рылады. Егер артықшылықтар пайда болып жатса, мүліктің қаншалықты заңды түрде қолға түскенін дәлелдеуі тиіс. 1 жыл ішінде сатып алған немесе сатқан активтер туралы декларацияны тапсыруды межелен мерзімнен асырып алған жағдайда ескерту жасалынады, ал егер олжылық қайталанса, 15 АЕК көлемінде айыппұл салынатынын есте сақтаған жөн, – дейді департаменттегі Түсіндіру жұмысы және байланыс басқармасының басшысы Гүлсара Қарымсақова.

жалтарушылардан себебін сұраудың орнына, көбіне салдарына мән береді. Яғни, тек шара қолданумен шектеледі.

Соңғы кезде салық органдарының «титығына» такси жүргізушілері, курьерлер мен блогерлер тиіп жүр. Такси жүргізушілері мен курьерлер жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, салық өндіруге міндетті. Салықтан бұлтартпас үшін 2023 жылдың 1 маусымынан бастап арнайы пилоттық жоба қызметін бастап кетті. Бұл сала қызметкерлері салықты төлеу үшін міндетті түрде орталық көмегіне жүгінбей-ақ, тек «eSalyq Business» қосымша арқылы барлық мәселесін шеше алады.

### Салық жеңілдіктері

Бұл жеңілдік қолданыстағы заңнама арқылы беріледі. Жеңілдіктер де бірнеше түрге бөлінеді: мүлік, жер учаскелеріне, көлік және т.б. Арнайы волонтерлық, қайырымдылық қорлар, әлеуметтік ахуалды жақсартуға көмектесіп жүрген ұйымдар, соғыс ардагерлері, 1 және 2 топтағы мүмкіндігі шектеулі жандар, зейнеткерлер мен әскери қызметкерлердің туыстары, ұрыста қаза тапқан азаматтың туыстары, жетім балалар және 18 жасқа дейінгі кезеңге дейін ата-ана қамқорлығынсыз қалған қалған балалар жеңілдік алуға мүдделі.

### Борышкер жазасы

Салық пен мемлекеттік бюджет тығыз байланыста болғандықтан, міндетті төлемнен жалғару Салық Кодексінің аясында ауыр қиындықтар тудыратынын есте сақтаған абзал. ҚР Әкімшілік кодексінің 208-1-бабына сәйкес салық төлеуден жалғару, салық төлемін кешіктіру – жеке тұлғаларға 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондай-ақ банк қарғаларын бұғаттау, жеке мүлік тәркіленуі, салық төлеушінің қасалық шығыстары тоқтатылып, шетелге шығуға тыйым салу қарастырылады. Шағын кәсіп иелеріне 20%, ал үлкен кәсіп иелеріне 50% көлемінде айыппұл салынады. Өтеуден қасақана түрде қашқан азаматтарға 3000 АЕК көлемінде, яғни 8 334 000 теңге айыппұл салынады. Іс насылға шапқан жағдайда 3 жылға дейін түрмеге қамалуы мүмкін. Сондай-ақ іс сотқа дейін жеткен жағдайда жеке сот орындаушысының қызметіне де ақы төлеу міндеттеледі. Бостандығыңыздан айыруға дейін әкелетін салықты уақытылы төлеуді естен шығармаңыз. Қаражат пен уақытты балапта басқаруға бейімделсеңіз, бұл қиыншылықтар сізді айналып өтетініне сенеміз.

Бір білетініміз, салық саясаты салғырттықты көтермейді. Ал сіздің ойыңызша салық халықты қанау ма, әлде мемлекетті басқаратын салаларға көмек пе?

Қорлан САРЫ

### Статистика сөйлесін

Жалпы салық мемлекеттің экономикасына әсер ететін кіріс көзі. Мемлекеттің қарқынды дамуының негізі. Салықтан келген қаражатты мемлекет білім беру, медицина, әлеуметтік қорғау, инфрақұрылым, қорғаныс және мәдениет, спорт салаларына бөледі.

ҚКҚ мәліметінше, 2023 жылдың қаңтары мен желтоқсаны аралығында елімізде, жалпылай алғанда, 23,5 трлн теңге салық жиналған. Жыл басынан бері ҚР Мемлекеттік кірістер департаментінің мәліметінше ел бюджетіне 4,358 млрд теңге салық түскен. Оның 39,9%-ы табыс салығы. Алайда бұл мемлекеттік шығындарды өтеуге әлдеқайда жеткіліксіз қаражат. Елдің мегаполистері Астана, Алматы және Шымкент өңірлеріне ең көп кіріс көзі тиесілі. Атап айтсақ, Астана – 577,7 млрд, Алматы – 1,3 трлн, ал Шым қала – 140,1 млрд теңге. Бұл жалпы кірістің 29,1%-ы. Айта кету керек, биылғы салық мөлшері 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларында жиналған салық көлемінен аз. Өткен жылы ол 5,7 трлн теңгені құрады.

### Бизнесті тіркеу тиімді ме?

Салықтан жалтарғысы келетіндер көп. Себебі табыстың белгілі бөлігін жоғалтады. Алайда мемлекеттік тексерістен қашып, салық төлеуіне – азаматтардың келешектегі бастамалары мен жоспарларына түсеуіне қажет. Жыл басынан бері 760 компания салық тексерісінен өткен. Оның басым бөлігі орташа көлемде мемлекетке берешек. Сондай-ақ кәсібін тіркемей, көлеңкелі бизнеспен айналысып жүргендер де аз емес. Мемлекет салықтан

Басы 1-бетте



# Жазаға Тартылған «ЖАНКЕШТІЛЕР»

Экстремизм мен терроризмнің қауіпі

Өткен жылдың қаңтар-желтоқсанында Қазақстанда экстремизм мен терроризмге қатысты қылмыс жасаған 122 адам анықталып, сотқа жіберілген. Оның ішінде 99 адам орта және арнаулы орта білімді, 19 адам жоғары білімді екен. Барлық анықталған тұлғалардың үштен бір бөлігі терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға шақырумен айналысқан. Сотқа тартылғандардың ішінде 30-39 жас аралығындағы 44 адам, 40-49 жас аралығындағы 38 адам, 50-59 жас аралығындағы 15 адам бар. Нақтыласақ, 60 жасстан асқан 6 адам, кәмелетке толмаған 3 адам, 18-20 жас аралығындағы 4 адам, 21-29 жас аралығындағы 12 адам тіркелген.

Былтыр он екі айда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірінші тізімінде экстремизм мен терроризмге қатысты 208 қылмыс фактісі анықталған. Бұл бір жыл бұрынғыдан 5,6%-ға көп. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық, діни алауыздықты қоздыру – саладағы ең көп таралған қылмыс түріне жатады. Осындай іс бойынша 84 құқық бұзушылық орын алған. Сондай-ақ осы салада жиі кездесетін құқық бұзушылықтардың қатарында қоғамдық немесе діни бірлестікке қатысу 60% көбейген.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дінтану кафедрасының аға оқытушысы Құдайберді Бағашаров экстремизмдегі әрекет дін түсінігінен ада екенін түсіндіреді.

– Дін түсінігіндегі экстремизмді дінге сыймайтын шектен тыс көзқарастар мен іс-әрекеттер құрайды. Мұндай экстремизмнің соңы зорлық-зомбылыққа, агрессияға апарды. Экстремизмнің кең және нақты өлшемдеріне баға берген ресейлік expert М.Краснов. Оның ойынша, экстремизмге мынадай идеяны, бағыты, доктриналарды таратуға бағытталған әрекетті жатқызуға болады: адамдарды таптық, меншіктік, нәсілдік, ұлттық немесе діндік ерекшеліктеріне байланысты бөлу; адам құқығын конституциялық құндылық ретінде жоққа шығару; ашық плюрализм мүмкіндігін, идеяларды еркін тарату және айырбастауды жою; бір идеологияны мемлекеттік ретінде орнату, – дейді ол.


Ranking.kz хабарлауынша, өңірлер бойынша экстремизм мен терроризмге қатысты қылмыстың көп бөлігі елордада тіркелген. Аймақтарға бөлсек, Астанада 50 жағдай, Алматыда 21 жағдай, Солтүстік Қазақстанда 16 жағдай, Атырауда 14 жағдай және Жамбыл облысында 13 жағдай болған.

Құқық қорғау органдары 153 экстремистік материал тәркілеген. Ал өткен жылғы дерек бойынша бір жыл бұрын тәркіленген материалдар саны – 302. Көбіне мұндай материалдар кітаптар мен парақшалар болған.

Zakon.kz хабарлауы бойынша, Мәжіліс депутаттары көші-кон мәселесін реттейтін заң жобасын әзірлеген. Құжатта террористік ұйымдарға қатысы бар және кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстар үшін сотталған шетелдіктердің елге келуіне тыйым салатын өте қатаң норма бар.

Экстремизм мен терроризм – ел ішінде іріткі салатын дүниелер. Оны тоқтату қиын болғанымен алдын алуға һәм жұмысының іске асуына тосқауыл қоюға мүмкіндік бар. Ол үшін не қажет дейсіз бе? Адамдар діни сауатын арттырып, жат ағымдарға ермеу керек. Мамандар да осылай дейді.

Әлия ТӘЖІБАЙ



# Көлеңкелі саламен күрес

Сыбайлас жемқорлық – үнемі мұқият зерделенуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің имиджін, Қазақстан Республикасымен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясатының негізгі басымдығы екені даусыз.

Әр адам зұлымдық, қызғаныш, паракорлық пен өзімшілдік жоқ әлемде, махаб-

бат, жақсылық пен бақытқа толы әлемде өмір сүргісі келеді. Сыбайлас жемқорлық елдің саяси және азаматтық институттарына теріс әсер етеді, халықтың дамуына елеулі қауып төндіреді.

Барлық елдер үшін оңтайлы болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бірінші тегі жоқ. Әрбір ел қабылдайтын қарсы күрес әдістерінің ерекшелігі тек саяси және экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, сонымен қатар халықтың салт-дәстүрлеріне, діни ерекшеліктері мен құқықтық мәдениетінің деңгейіне де байланысты.

Мемлекет өз тарапынан сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың әлемдік стандарттарға сәйкес келетін тиімді институттары мен тетіктерін құру бағытын мақсатты және кезең-кезеңімен ұстанады.

Өз елінің лайықты азаматтары, өз қаласының патриоттары болу үшін біз өзіміздің ішкі мәдениетімізді арттыруымыз, өзін-өзі тәрбиелеумен айналысуымыз керек. Сонда ғана біз сыбайлас жемқорлықсыз мықты, гүлденген ел құра аламыз!

Гүлмира АЛАШБАЕВА,  
Сырдария аудандық қазынашылық басқармасының  
бас маман-бас қазынашысы

Басы 1-бетте

БАСПАХАНАЛАРДЫҢ БАҒЫ  
ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

құнын қосады. Бұл бізге кітап жазбауға, оны басып шығармауға немесе сатып алмауға себеп бола алмайды деп есептеймін. Кітап бізге бәрібір керек. Ең бастысы – сіз үшін маңызды және керек кітап болуы.

Бірде Мәриям Әбсәттардың «Алаш зиялыларының соңғы сөзі» деген кітабына тапсырыс бердім, 5-6 күнде келді. Кітапты алып үлгердім. Өйткені бізде кітаптардың тиражы тым аз шығатынын да ұмытпауымыз керек. Қызықты деген кітаптардың таралымы жекелеген адамдар тұрмақ, Қазақстанның жалпы кітапханасының санына да жетпейді. Бұл бір жағынан кітаптың бағасына да әсер етеді. Өйткені кітаптың таралымы аз болған сайын, бағасы қымбат, – деді «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары А.Абдуллаева.

Ал баспагердің пікірінше, көп адамдар баспа тек мемлекеттің тапсырысымен күн көреді деп ойлайды. Бірақ Stepper and World баспа үйі мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істемегенін жариялапты.

– Мемлекет кітап шығаруға шығармашылық еркіндік берсе. Ауыл-аймақтағы, ірі қалалардағы кітапханалар өз таңдауларымен қалаған баспаларынан кітап сатып алуы қажет. Құжат бойынша өтірік кітап сатып алатындар өте көп. Ол кітаптардың кітапханада бар-жоғын да ешкім білмейді. Ешкім мониторинг жасап жатқан жоқ. Сондықтан баспа қолдаудың тағы бір жолы кітапханадағы кітап сатып алу жүйесін реттеу, – дейді баспа басшысы Р.Қадыр.

Айта кету керек осыдан бес жыл бұрын ірі кітап дүкендерінде қазақша кітаптар жоқтың қасы еді. Бүгінде көбейіп келе жатқаны көз қуантады.

– Шындығында кітап басу ісіне ешқандай кедергі жоқ. Тек оқырмандардың аздығы мен халықтың басым бөлігін қазақша кітап оқымайтыны ғана кедергі. Сонымен қатар аз оқырман еліміздің әртүрлі территориясында орналасқан. Сол жағынан оларға санаулы кітапты жеткізу қиынға соғады, – дейді А.Әлменбет.

Жасырып жабатыны жоқ, шалғайдағы аудандарда әлі күнге дейін кітап дүкендері жоқ. Халық шетелдік шығармалардың қазақша аударылғанын естисе де, қолы жетпей қиналып отыр. Себебі мұндай кітаптар аудандық кітапханаларға жетпейді. Осы мәселені шешу үшін облыс, аудан әкімдеріне кітап сататын дүкендер желісін дамытуға арнайы тапсырма беріліп, электронды, аудио кітаптар нарығына да көңіл бөлінуі керек.

## Шикізат мәселесіндегі шикілік

Бүгінде қазақстандық баспагерлер үшін шикізат мәселесі де өзекті. Себебі қағаз негізінен Ресей мен Қытайдан тасымалданатындықтан, баспахана шығындары, кітап бағасы қымбаттай түседі. Соңғы уақытта баспахана шығыны үш есеге дейін өскен. Мұның сыртында

логистикалық, кедендік шығындар бар. Ал бұған дейін ең сапалы қағаздар Ресей арқылы Финляндиядан да жеткізілетін. Қазіргі геосаяси жағдайларға байланысты баспагерлер амалсыз ресейлік өнімдерді тұтынуға мәжбүр. Сапасы жағынан бұл өнімдер Финляндиядан тасымалданатын қағаздан әлдеқайда төмен.

– Соңғы бес жылдың ішінде қағаз, сия сияқты шикізат үш есе қымбаттады. Бұған инфляция да әсер етті. Кітапты шығару шығындары артты. Ол қымбаттады екен деп кітаптың бағасын қымбаттатсақ, оқырмандар кітап алмай қояды. Шикізаттың барлығы Қытай, Ресей, Финляндиядан келеді. Бірақ Финляндия қағаздарын Ресейге беруден бас тартты. Сол себепті қазіргі кітаптар тек Қытай мен Ресейдің қағаздарынан шығарылып жатыр, – дейді «Мұқабас» баспасының директоры Арман Әлменбет.

## Кітап қоры қанша?

Кітап – идеологиялық қару. Ендеше рухани кемелденген орта қалыптастырудың басты жолы – баспа нарығын реформалау. Ол үшін нарыққа арнайы бағдарлама енгізіп, шағын баспа үйлеріне қолдау аядай қажет.

– Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Мысалы, көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бөріхан Нұрмұхамедов, Айдос Сарым, Данияр Әшімбаев бастаған құрылтай мүшелері осындай бастама көтерді. Мен олардың Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы ұсынысын қолдаймын. Бірақ оны мазмұнды етіп өткізу керек. Мысалы, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, арнайы жәрмеңкелер өткізу қажет. Шын мәнінде, озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу, – деді Мемлекет басшысы.

Қазір республикадағы мектеп кітапханаларында 130 миллионнан астам кітап бар. Бірақ ондағы көркем әдебиеттің үлесі мардымсыз. Шын мәнінде, кітап оқитын ел зиялы ұлтқа айналады.

Өңірге оралсақ, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасы мамандарының айтуынша, аймақтағы 209 кітапханада 4528759 кітап қоры бар. Осынша кітаптың оқырманға берілімі 352433 ғана. Ал кітапханаға келушілер саны 143025 болса, тіркелген оқырман саны 27053 екен.

Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 21 кітапхана бар. Мұнда 645684 кітап қоры жинақталған. Бүгінде оқырмандар саны 3760-қа жеткен. ОКЖ директорының орынбасары Ақнұр Қыдырәліқызының айтуынша, 603500 кітап берілімі тіркелген, яғни, бұл кітап оқуды жанына серік еткен жандар сиремеген деген сөз.

Айдар САЙЛАУОВ

біз тәуелсіз баспагерлерге субсидия бөлу, оларға жеңілдетілген несиелер қарастыру және салықта жеңілдік қарастыру қажет деп ойлаймыз. Үкіметпен бұл мәселені аяғына дейін жүзеге асыруға әзірміз, – деген еді Парламент Мәжілісінің депутаты Ж.Сүлейменова.

Қазір қазақстандық баспалар мен баспаханалардың көпшілігі Астана мен Алматы қалаларында орналасқан. Кітап палатасында тіркелген мыңнан астам баспаның барлығы бірдей кітап шығарумен айналыспайды. Отандық нарықта санаулы баспалардың ғана өнімдері сұранысқа ие. Ал кітап нарығының 90 пайызға жуығын шетелде шыққан өнімдер қамтамасыз етеді.

– Идеология жұмысындағы басты бағыттың бірі – кітап басып шығару ісі. Қазақстан нарығында шетел өнімдері басым екені жасырын емес. Әдеби кітаптардың 90 пайызға жуығы сырттан келеді. Бұл үрдістің салдары қандай болатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық мүддеге сай келетін кітаптарды көптеп басып шығару өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

## Таралым аз болған сайын баға қымбаттайды

Қазақстандағы баспа нарығының дамуына саладағы бәсекеге қабілеттіліктің аздығы да себеп. Өйткені әлі күнге дейін көптеген ірі баспа тек мемлекеттік тапсырыспен күн көреді. Дизайны бірдей, аудитория сұранысын зертмей басылған кітаптар шалғайдағы кітапханалардың сөресінде шаң басқан күйі тұратыны жасырын емес.

– Кітап оқышылардың бүгінгі қарқыны мені қуантады. Бұған көбіне кітап саудасының оң әсер беріп жатқанын бағамдауға болады. Кітап саудасымен айналысатындардың жана жұмыс тәсілдері, әлеуметтік желілердегі таргет, қызықты стористер түсіру – бәрі де оқышының кітапқа қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосуда. Бұл – жақсы тенденция.

Дүкендердегі кітаптың бағасы арзан емес. Өйткені қағаз бен бояудың бағасы қымбат. Білесіз, бұған дейін еліміздегі қағаздың басым бөлігі Ресейден тасылған. Қазір Ресейдің өзінде қағаз өндіру көлемінде айтарлықтай құлдырау бар, өйткені қағаз шикізатын ағартатын химиялық қоспаларды бұрынғыдай Батыс Еуропадан емін-еркін таси алмайды. Жалпы, баспа өндірісінде соғыс пен санкцияның салқыны сезіледі.

Кітапты Астана мен Алматыдан онлайн тапсырыс беріп алдырсаңыз, жеткізу қызметінің



Мыңнан астам баспа тіркелген

– «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады. Балалар мен жастарды тәрбиелеп, олардың бойына осы озық құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлінуі керек. Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр, – деп Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев атап өтті.

Бұл әрекетке былтыр қозғау салынды. Түркістан төрінде өткен алқалы жиында баяндама жасаған Ұлттық құрылтай мүшесі Жұлдыз Сүлейменова елдегі кітап нарығын реттеуді ұсынған еді. Мәжіліс депутатының айтуынша, тәуелсіз баспагерлер өздерінің басып шығарған өнімін қалада ғана болмаса, ауылды жерде өткізе алмайды. Себебі сатылым нүктелері заңмен бекітілген. Соның салдарынан ауыл балаларының шетел жазушыларының озық шығармаларымен танысып, сусындап өсуіне мүмкіндіктері жоқ. Сол себепті Ұлттық құрылтай мүшесі тәуелсіз баспагерлерге субсидия беруді заңмен бекіту қажет екенін ұсынған болатын.

– Соңғы 3 жылда қала мен ауыл мектептеріндегі білім сапасының алашақтығын азайтуға байланысты міндет қойылғанын білеміз. Сол міндетті орындауда осы кітап нарығын реттеу, әлемдегі ең үздік балалар әдебиетін ауылдарға дейін жеткізу, ауыл баласына қолжетімді етуде

ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУҒА  
негіз болған —  
ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ

XX ғасырдың басындағы бодандық бұғауындағы бейқам халықты өркеніңіздің өріне сүйреген көсемдердің көзге көрінер басты қасиеті – қай-қайсысы болсын жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы тұлғалар. Сондай сергелден тағдырда өмір кешіп, қараңғы халыққа шам бола білген Халел Досмұхамедовтың саяси күрескер, жалынды патриот әрі ғалым, киелі өнер иесі және өз мамандықтарының білгірі болуы – кейінгі толқын жастарға үлкен өнеге.

Халел Досмұхамедов – қазақ педагогикасы мен ағарту тарихындағы көрнекті тұлға. Оның білім мен медицинаны дамытуға қосқан үлесі Қазақстанның мәдени және зияткерлік мұрасын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етті. Бұл мақалада біз Халел Досмұхамедовтың өмір жолы мен ғылыми жетістіктерін, оның отандық педагогика ғылымы үшін маңыздылығын, сондай-ақ оның еңбектерінің Қазақстандағы заманауи білім мен денсаулық сақтауға әсерін қарастырамыз.

Кейіпкеріміз қазақ халқы үшін бет-бұрыс кезеңінде дүниеге келген. Оның кәсіби қызметі қиын кезеңдерде басталды, бірақ бұл оның көрнекті ағартушы және дәрігер ретінде көрінуіне кедергі болмады. Мансабының басынан бастап ол білім беру және денсаулық сақтау мәселелеріне ерекше қызығушылық танытып, бұл оның кейінгі қызметінде шешуші болды. Халел Досмұхамедов қызметінің негізгі бағыттарының бірі – педагогика. Ол Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында жұмыс істеді,

онда ұлттық мектептің жана жүйесін құру үшін өзінің білімі мен тәжірибесін қолдана алды. Мұнда ол педагогика кафедрасын ұйымдастырып, оқулықтар мен әдістемелік құралдарды әзірлеумен белсенді айналысты. Оның «жансыз табиғат» және «оқушылардың гигиенасы» сияқты педагогика саласындағы еңбектері қазақстандық педагогикалық әдебиеттің маңызды бөлігіне айналды және оқыту әдістемесіне айтарлықтай әсер етті. Халел Досмұхамедов педагогикалық қызметтен басқа өзін көрнекті дәрігер ретінде көрсетті. Ол әрдайым өзінің медициналық міндетіне адал болып, пациенттерінің, әсіресе балаларының денсаулығына қамқорлық жасады. Оның Денсаулық сақтау саласындағы жұмысы аурулардың алдын алуға және емдеуге, сондай-ақ гигиена мен саламатты өмір салтын арттыруға бағытталған.

Халел Досмұхамедовтың басты жетістігінің бірі – ұлттық мектептің жана жүйесін құру және білім берудегі қазақ терминологиясын әзірлеуі.



Оның оқулықтары мен әдістемелік құралдары қазақстандық мектептерде кеңінен қолданылып, мамандардың да, жұртшылықтың да оң бағасына ие болды. Ғалымның аудармалары, медицина мен педагогика туралы маңызды кітаптардың басылымдары Ұлттық ғылым мен білімнің дамуына айтарлықтай әсер етті.

Қорыта келе, Халел Досмұхамедов қазақ педагогикасы мен денсаулық сақтау тарихында өшпес із қалдырды. Оның еңбектері мен жетістіктері болашақ ұрпақтарды шабыттандырады, жоғары кәсіби және азаматтық жауапкершіліктің үлгісі сезіндіреді.

Томирис ҚУАНЫШ, Абылайхан ҚУМАРОВ, Айнур УТЕГҮЛОВА, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері, Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, Фатима ҚОЗЫБАҚОВА

Мемлекеттік қызметтегі  
адам ресурстарын дамыту  
басты назарда

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы – еліміздегі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту бағытында өз қызметтерін ұсынып келе жатқан беделді оқу орындарының бірі.

Академия және оның әр өңіріндегі филиалдары мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағытында қарқынды білім беру қызметін жүргізуде. Мемлекеттік қызметшілер өзгермелі әлемде сапалы қызмет көрсету дағдыларын дамыту мақсатында білім беру бағдарламаларын әзірлеп, оны жыл сайын жаңартып отыруды басты назарда ұстайды. Мемлекеттік қызмет сапасын арттыруда елеулі үлес қосып отырған академия биыл өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтуде.

Академия және оның филиалдары мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда курстар мен семинарлар ұйымдастырып ғана қоймай, мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын дамыту бағытында тәжірибеге бағытталған диалог алаңына айналды. Мемлекеттік қызметтегі адам ресурстарын дамыту орталығы аясында филиал қызметкерлері мен агенттік аумақтық бөлімшелері мамандарымен бірге заңнамалық новеллалар туралы ақпараттық түсіндіру мен талдау жұмыстарын, кадр қызметін ұйымдастыру, талантты жастарды мемлекеттік қызметке тарту жұмысын атқарады. Сондай-ақ мамандардың мансаптық өсуге деген қызығушылықтарын арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар, әдеп өкілдерінің өкілеттілігін іске асыру бағытында семинарлар, қоғамда қалыптасқан жағдайларға байланысты жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілердің келбетін қалыптастыруға бағытталған заң, психологиялық кеңес беруді іске асыруда.

Жасұлан ШЫНТАСОВ,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басқарма басшысы



«Заман жаңарғанымен, жаман жаңармайды» деген тұрпаты теріс тіркесті үлкен кісілерден көп еститінбіз. Бірақ жуырда осы сөздің нүктесі қойылып, айтылуы сиреп келеді. Батыс аймақты су алып, көңіліміз түсіп жатқанда, «Жолаушылар тасымалы» АҚ жанымызды жадыратып қойды. Өткен аптаның соңында Қызылорда – Семей бағытындағы пойыз жаңа вагондармен толығып, жаңа форматтағы таза вагондар жолаушыларға пайдалануға берілді.

# ЖАҢА ВАГОНДАР ЖАЙЛЫЛЫҚ СЫЙЛАЙДЫ

Басы 1-бетте



берілген вагондардың жайлылығы, қызметі мен ыңғайлылығы жолаушыларға жағымды әсер қалдыруда. Дәл қазір осы Қызылорда – Семей бағыты бойынша Алматы қаласына жол жүріп бара жатырмын. Ішкі интерьер мен стиль, тазалық жоғары деңгейде жасакталған екен. Жалпы, сапарға көп шығамын, осындай үлгіде таза, жайлы барлық керек-жарақпен қамтылған вагондар үшін жауапты сала мамандары мен басшыларына рақметімді айтамын, – деді қала тұрғыны Несіпкүл Ахметова. Бастысы мұнда кез келген жағдайға дайындық жасалған. Мәселен, жолаушылар жолда сыртқаттанған жағдайда іште дәрі-дәрмекпен қамтылған медпункт жұмыс істейді.



– Жол – тіршіліктің көзі, экономиканың құретамыры. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Шын мәнінде, көлік-логистика саласы – басымдыққа ие бағыт. Қазір ең басты әлеует – табиғи ресурстар емес, тауар тасымалдау, логистикалық тізбектерді жолға қою» деген болатын. Міне, біз өздерімізбен бірге «Қызылорда-Семей» жолаушылар пойызының толығымен жаңаланып, халық игілігіне берілуіне куә болудың. Теміржол көлігі – еліміздегі инфрақұрылымның маңызды бөлшегі. Кең байтақ қазақ жерінің қолайлы географиялық орналасуы, шекарасының кендігі мен заман талабы теміржол көлігінің маңыздылығын күн өткен сайын арттыра түседі. Сыр өңірінде де Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен жол инфрақұрылымын, көлік қатынасы мен жолаушылар тасымалын дамыту қарқынды жүзеге асырылуда. Бұрынғылардан қалған «Жол мұраты – жету» деген сөз бар. Ақ тілеулі, кең пейілді халқымыз ұзақ сапардың алғашқы қадамына, көлік басына ерекше мән берген. Бүгін де жолаушыларға ел ағаларының ақ батасымен жолға шығарып саламыз. Жолаушылар пойызы ел елдің, ағайын мен туыстың арасын жалғайтын татулықтың тұтқасы, сауда-саттық пен іскерлік байланыстың алтын арқауы болсын!, – деді аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев.

керлері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Айта кетейік, мекемеде жалпы 11 мыңға жуық маман жұмыс істейді, оның 5,5 мыңы – жолсеріктер. Маршрут бойынша 44 жолаушы вагоны жүретін болады, оның ішінде 29-ы купе және 15-і плацкарт. Осы бағыттағы пойыздар 100% жаңартылған. Жолаушылардың жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында вагондар ауаны баптрау жүйесі, ауаны тазарту сүзгілері, түгін датчиктері, биодәретханалар, сондай-ақ тамбурлардағы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Купедегі электррозеткалары мен USB қосқыштары да бар. Күн сайын қатынайтын пойыз жолаушылары ендігі жайлы орында уақыт өткізіп, жол жүретін болады. Жиында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Жәнібек Тайжанов пен теміржол саласының құрметті ардагері Өмірбек Жүсіпов сөз сөйледі. – Біз Ұлттық тасымалдаушының вагон паркін жаңарту бойынша жұмысты жалғастырамыз. №21/22 «Қызылорда – Семей» пойызы күн сайын жүретін болады. Жолаушылар құрамы бір бағытта орта есеппен 528 жолаушыны тасымалдай алады, – деп атап өтті «Жолаушылар тасымалы» АҚ Басқарма төрағасы Жәнібек Тайжанов. Өткен жылы Ұлттық тасымалдаушы 150 жаңа вагон жеткізу туралы келісімшартқа қол қойып, оның 88-і вагон паркін толықтырған. Олар Атырау – Маңғыстау, Ақтөбе – Атырау, Павлодар – Түркістан бағыттары бойынша жүріп жатыр. Қолданысқа

Саяхат кезінде қажет болған жағдайда көмек көрсетуге дайын болу үшін гидтер алғашқы көмек көрсету бойынша арнайы дайындықтан өтеді. Бұған алғашқы көмек көрсету, оның ішінде босану, жүрек-қан тамырлары күтімі және жүрек-қан тамырлары аурулары туралы білім кіреді. Кондукторларды оқытудың негізгі мақсаты – барлық жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету, – деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі. Ол үшін қала тұрғындары да өз алғысы мен ризашылығын жеткізді. – Бұған дейін де вагондарымыз жаман болмаған. Ал қазір тіпті адам танымастай жаңа кейіпке еніпті. Жалпы, қала тұрғындарының қуанышы ерекше. Барлық бағыт бойынша адам көп. Дегенмен жолаушылардың 70-80 пайызы осы пойызға мінетініне сенімдімін. Оңтүстік өңірлерге қатынайтындыр көп. Студенттер де осы пойызбен көп қатынайтын болды. Айтақшы, вагонның бір ерекшелігі – ішінде үнемі радио сөйлеп тұрады. Бұл да қазақшылтың айнымас белгісі деп білемін. Өз дүниені қазақыландырып, әр ұлттық символымызды кіріктірсек, несі жаман?! – деді қала тұрғыны Нұргүл Бірзақұлқызы. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында Қызылорда – Семей және Алматы – Сарыағаш бағыттарында пайдаланылатын тағы 12 вагон жеткізіледі деп күтілуде. Быыл мемлекеттік органдармен тағы 157

жолаушылар вагонын сатып алу бойынша жобаны қаржыландыру мәселесін пысықтау жоспарлануда. Сонымен қатар 2025 жылдан 2030 жылға дейін Stadler технологиясының 537 жолаушылар вагонын сатып алуға шарт жасалды. 2030 жылы жоспарланған барлық іс-шараларды ескере отырып, вагондардың орташа қолданыстағы жылы 18-ден 13 жылға дейін төмендейді. Қызылорда теміржол вокзалы 1905 жылы салынған бір қабатты және 1969 жылы салынған үш қабатты екі ғимараттан тұрады. Өткен жылы вокзал ғимараты мен аумағына жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарына «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы 350 млн теңге, жергілікті кәсіпкерлер 255 млн теңге қаржы бөлді. Теміржолдың темір тұлпарының да қауіпсіздік ережелері бар. «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкерлері пойызға отыру және шығу кезінде сак әрі қырағы болуға шақырады. Сапар барысында өзге жолаушылар және қызметкерлермен сыйластық танытуларыңызды сұрайды. Өткен жылы вандализмнің 60 жағдайы тіркелді. Жолаушылар шағымдары мен ұсыныстарын QR код пен пойыз нөмірі WhatsApp арқылы жібере ала-

ды. Кез келген жолаушы ұсыныспен пікір қалдыра алады. Ал «Жолаушылар тасымалына» жыл сайын түсетін шағымдардың саны нақты емес. Себебі чат, электрондық пошта, Е-Өтініш секілді ұсыныс-өтініштер түрлі мобильді қосымшалардан келеді. Көлік-логистикасы – маңызды саланың бірі. Биыл өңірде 266 шақырым автомобиль жолдары жөндеуден өтеді. Жыл соңына дейін жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 90 пайыздан асыру жоспарланған. Бүгінде «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Ал «Қорық Ата» әуежайының жаңа терминалы мамыр айында қолданысқа беріледі. Сонымен қатар автобус жолаушыларының да жағдайы басты назарда. Қаланың сол жағалауынан заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты пайдалануға берілді. Жаңа автовокзал бюджет қаржысы есебінен 975 млн теңгеге салынды. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған. Халықаралық және түрлі бағытқа арналған 38 маршрут сапарға шығады. Облыстағы оң өзгерістер мен сапалы қызмет – ел игілігі үшін. Жолың болсын жолаушы! Әлия ТӘЖІБАЙ

ЖУРНАЛИСТІК ЖОРТУЫЛ

## Арал: білімдегі бірегей бетбұрыс

Айдыңды Араладағы білім ордалары ұлттық құндылықты қайта жаңғыртып, жаңа жобаларды іске асыруда. Облыстық білім басқармасы мен өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған Арал мен Қазалы аудандарының білім беру мекемелеріне пресс-тур барысында білім саласындағы серпілістерді сезіндік. Сапар басталған күні алдымен Арал ауданына табан тіредік. Ең алдымен №262 мектеп-гимназиясына барып, тың бастама, инновациялық жобалармен таныстық. Одан кейін балалардың қатысуымен қазіргі заманға сай ұлттық ойындардың жаңа форматына куә болдық. Оның ішінде қызықты тапсырмаларға толы «Көкпар», «Ақсүйек», «Қыз қуу» ойындары бар. Бұл ұмыт болып бара жатқан ұлттық ойындарды қайта жаңғыртудың керемет тәсілі. Мұндағы заманауи үлгіде жабдықталған телестудия жұмысы да көп артықшылықтарға ие. Себебі «Журналист болам» деген жас жеткіншек үшін бұл – үлкен мүмкіндік. Осы арада мектеп директоры Руслан Сисенов білім ордасының жаңа жобаларымен таныстырып, оқушылардың жетістігі туралы сөз қозғайды. – Ұлттық бірыңғай тәстіблеу көрсеткіші бойынша кейінгі 5 жылдықта облыстағы жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Оқушыларымыз түрлі деңгейдегі жарыстарда өз білімін дәлеледеп, жүлделі орындар иеленуде. Біздің мектеп әрқашан оқушылар мен ұстаздардың тың жобаларына қолдау көрсетіп, сапалы білім алуына барынша жағдай жасайды, – деді мектеп директоры Руслан Сисенов. Оқу орнының басшысы осы студия жанынан жақын аралықта «астрономия» кабинеті ашылатынын атап өтті. Қазіргі уақытта білім

ордасында «Оқуға құштар» жобасы бойынша да ауқымды жұмыстар жүріп жатыр екен. Мұнан соң «Алтын Балық» балабақшасындағы бүлдіршіндердің бөбекжайдағы өмірі жайлы біліп, өнерін тамашаладық. Заманауи үлгіге ие болған ұлттық ойындардың балабақшадағы форматы ата-аналарға ұнайтын көрінеді. Ал №220 мектепте «Медиа және журналистика» жобасы аясында ашылған студия жұмысы мен балалардың осы салада жеткен жетістіктері орасан. Біз барған уақытта «Мектеп театры» жобасы бойынша Акберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» кітабының желісіндегі драмалық қойылымы сахналанды. – Екі-үш жылдан бері «Мектеп театры» жобасы аясында әртүрлі тақырыптағы бірнеше пьесаны сахналадық. Қазір оқушыларымыз үлкен сахналарда өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына ие болуда. Дәл қазір аудандық мәдениет үйінде Акберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» қойылымы ел назарына ұсынылуда. Қойылымнан түскен ақшаны ауыр сырқатпен науқастанып жатқан мектеп оқушысына бермекшіміз, – деді мектеп директоры Әліби Әбілдаев. Айдыңды Араладағы №62 мектеп-лицейде инфокиоск бөлімі арқылы кітап оқуға мүмкіндік жасалғанын да айта кетейік. Сондай-ақ ІТ салаға қызығатын оқушылар үшін, арнайы құрылғылармен жабдықталған робототехника кабинеті жұмыс істейді. Жолымызды Сексеуіл кентіне жалғап, кенттің мақтаншына айналған «Алма-Рай» балабақшасына арнайы бардық. Көрген көзге қуаныш ұялатын бөбекжай қаладағыдан еш қалыспайды. Мамандардың біліктілігі мен бүлдіршіндердің зеректігіне қарап тандай

қағасын. Балабақша меңгерушісі Алмагүл Есенпова бөбекжайдың ерекшелігі туралы айтты. – Балабақша алаңы кішкентайлардың танымдық қабілетін арттыру мақсатында безендірілген, әр топтың алаңы қажетті ойын және спорттық құралдармен қамтамасыз етілген. Әдістемелік кабинетте балалар мен ата-аналар арасында жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек көрсететін қажетті әдістемелік, анықтамалық, танымдық әдебиеттер бар. Жыл бойы балалар әдебиетінің кітапханасы толықтырылып отырады. Барлық ойын құралдары балаларға қолжетімді және санитарлық талаптарға сай келеді. Балабақшадағы әдістемелік құралдардың талаптарға сай келуі мемлекеттік стандарт бойынша жүргізілген, – деді ол. Мұнан кейін Сексеуіл кентіндегі №177 орта мектебіндегі оқушылардың жұмысымен таныстық. «Ақмешіт» домбырашылар ансамблінің өнеріне тәнті болдық. Жас өнерпаздар арасында Абайдың күйі «Торжорға» мен Құрманғазының «Балбырауын» күйі құлақтан кіріп, бойыңды алады. Бүгінде «Ақмешіттің» өнерпаздары жас ерекшеліктері бойынша «Кіші топ» (7-10 жас), «Орта топ» (10-13 жас), «Үлкен топ» (14-17 жас) болып үш топқа бөлінеді. Ансамбль құрамындағы Қадіржан Амеулла, Нұрдаулет Тәни, Рустам Жолдыбай, Қаракат Рахметқали, Әділжан Көпберген, Гүлсезім Қазиева сынды жеке орындаушылар – республикалық және халықаралық конкурстардың лауреаттары. Ансамбль құрамында үш оқушыдан құралған «Ақмешіт» триосы да үлкен сахналарда өнер көрсетіп жүр. – Ашылғанына 4 жыл болған ансамбль



облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарда және жекелей орындау байқауларында жеңімпаз атанды. Оқушылар Құрманғазы, Дина, Қазанғап, Түркеш, Дәулеткерей секілді күйшілердің 20-дан астам күйін орындап жүр, – деді Салиха Қабделова. Бүгінгі заманның басты ерекшелігі, еліміздегі білім әлемін биікке көтеру болып тұр. Білім ымықты елдің ұрпағы білікті болып, Отанының тұтқасына айналып, тұтас әлемді зерделей алатынын – өркениетті елдердің өрелі тірлігінен көріп отырмыз. Сондай биікке көтерілу жолында аралдықтар да өзіндік қимыл-қарекетін жасау үстінде. Ннет еткені – білім сапасын арттыру, дамыған елдердің қатарына қосылу. Бұл жолда ұлттық ерекшеліктерімізді сактай отырып, саналы түрде әр істі сараптай алсақ, XXI ғасыр бәсекесінде ұтылмаспыз анық. Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

## ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ САНЫ АРТУДА

Аймақта ілім мен білімді ұштастырып, шәкірт тәрбиелеу жолында жүйелі жұмыс атқарып жүрген ғалымдар аз емес. Солардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары – Гүлзира Оралова мен Аңғысын Сейтмұратов. Ғылым қызметкерлері күні қарсаңында сала мамандары атқарылған шаралар туралы баяндады.



– Елдің өсіп жетілуі ғылымға, оқу-білімге тікелей байланысты. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы ғылымға көп көңіл аударып, қомақты қаржы бөлінуде. Бүгінде Қорқыт ата университеті Оңтүстік Кореямен байланыс орнатып, физика-информатика бағытында жемісті жұмыс жүргізу үстінде.

Қызылорда қаласында физика мектебінің ашылып жатқаны біз үшін үлкен мәртебе. Өз кезегімізде біз де жас буынға білгенімді үйретіп, ғылымға баулудамыз. Университеттің әлеуеті жақсы. Жастардың да білімге деген қызығушылығы көңіл қуантады, – деді Аңғысын Жасаралұлы.

– Бүгінгі мерейлі күні жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Біз қазақ әдебиеті, ұлт әдебиетінің құрамдас бөлігі болып саналатын Сыр әдебиетін дамыту бағытында жұмыс атқарып келеміз. Өңірімізге қатысты әдеби мұраларды зерделеу жұмыстарын жүргіземіз. Біздің мақсат – Сыр өңіріндегі киелі жерлерді анықтау, ұлттық құндылық тұрғысында бағалау. Ғылыми зерттеу нәтижелерін жинақтап, шетел басылымдарына ұсындық. Бүгінде жас зерттеушілердің де қатары көбеюде. Бұл, әрине, өз кезегінде атқарылған жұмыстың жемісі деп білеміз, – деді Гүлзира Сапарқызы.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАСАЛДЫ

Қазақстан-Американдық еркін университеті мен Мичиган мемлекеттік университеті арасында халықаралық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Маңызды келісімге ҚАЕУ президенті, ҚР ҰҒА академигі Ережеп Мәмбетқазиев және Мичиган мемлекеттік университетінің проректоры Томас Джейчқол қойды.

Келісімнің негізгі тақырыбы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық, оның ішінде ғылыми-педагогикалық басшылармен алмасу, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру және конференциялар өткізу, академиялық бағдарламаларға қатысу үшін студент, оқытушылармен алмасу, білім беру курстарын бірлесіп әзірлеу және бағдарламалар, дәрістер, семинарлар мен тренингтер өткізу.

Осындай маңызды құжатқа қол қою университеттер арасындағы көп жылдық өзара іс-қимылдың заңды жалғасы болды. Қазақстан-Американдық еркін университеті 2019 жылы бұл бағыттағы алғашқы қадамын жасап, әлемдегі жетекші факультеттердің бірі Мичиган мемлекеттік университетінің білім мектебінің профессоры Дуглас Хартманды университетке шақырды. Одан кейін осы университетпен бірге бірқатар жобалар сәтті жүзеге асырылды.

«АЖ» ақпарат

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ЖАСТАР ҮНДІСТАНҒА ЖОЛДАМА ҰТЫП АЛДЫ

Түркістан қаласында «Respublica» партиясының ұйымдастыруымен өткен «Recodetau» республикалық хакатонның қызылордалық жастардан құралған «Neo-Nomad» командасы I орын алды, енді олар Үндістан мемлекетінде 10 күн тағылымдамадан өтеді.

Сырбойынның намысын қорғау үшін хакатонға қатысқан 3 команда финалдық кезеңге өткен. Бір команда жеңіс биігінен көрініп, қалған команданың жобаларын қазылар алқасы жоғары бағалады. Жаңа жобаларды жүзеге асыру, бизнес жоба жасау, шетелдік компанияда тәжірибеден өту мүмкіндіктері қарастырылған байқауға 18 бен 25 жас аралығындағы 150-ге жуық адам қатысты.

«NeoNomad» командасы хакатон байқауына «ReDabyul» жобасын ұсынды.

– «ReDabyul» – су тасқыны секілді табиғи апат кезінде жұмыс істеуге арналған мониторинг және алдын ала болжаудың кешенді жүйесі. Жобаның міндеті – сенсорлар нақты уақыт режимінде өзен арналарының бойында орналасқан су деңгейін және басқа параметрлерді үздіксіз бақылайды. Су тасқынын көрсететін шекті мәннен асқан кезде сенсорлар автоматты түрде жауапты органдарға дабыл туралы ақпаратты жібереді. Осылайша мамандандырылған бригадаларды дәл қажет жерге жіберу арқылы жұмыс күшін азайтуға және автоматизациялауға көмектеседі. Біздің зерттеуіміз бойынша, мұндай цифрланған кешенді жүйе Қазақстан аумағында жоқ және ашық түрде ақпараттың базасы мен анализін бере алмайды. Ал біз пайдаланған сервер мен телефонға дабыл жіберу ашық түрде болады, – деді команда мүшесі Ж.Мұңайтбасова.

Республикалық хакатон екі күнге созылды. Бірінші күні қатысушыларды тіркеу, танысу, өзара байланыс орнату жүрді. Сонымен қатар, ашылу салтанаты мен алғашқы кезең өтті. Байқаудың екінші күнінде финалистердің білім мектебінің профессоры Дуглас Хартманды университетке шақырды. Одан кейін осы университетпен бірге бірқатар жобалар сәтті жүзеге асырылды.

# ҒЫЛЫМ МЫҚТЫ БОЛСА, МЕМЛЕКЕТ ТЕ ҚҰАТТЫ

Ғылымның көмегімен бір кездері адамдар мүмкін емес деп білген идеялар іске асты. Өмір сүру сапасын жақсарту, табиғи апаттардың алдын алу да ақыл-ой иелерінің тынымсыз ізденіс, олшеусіз еңбегімен тікелей байланысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болатынын атап өтті. Президент ғылым саласындағы өзекті мәселелерге тоқталып, шешу жолдары жөнінде баяндады.

Өсіресе қазіргідей табиғат тосын мінез танытқанда ғылымның әлеуетіне арқа сүйейтініміз рас. Егемендік алғалы ғылымның дамуына баса назар аударылып, үздік жобаларға гранттық қаржылай көмек көрсетіліп, ғалымдардың шетелде білім алуына, тәжірибе жинақтауына мүмкіндік берілді. Дегенмен білікті мамандардың әлі де тапшы екені белгілі.

– Ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды. Ғылымды мемлекет дамуының өзекті мәселелерінен бөле-жара қарастыруға болмайды. Оны ел мен қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану қажет. Ғылым дерексіз, яғни абстрактілі емес, нақты қолданбалы, күнделікті өмірде пайдасы мол сала болуға тиіс. Ғылыми негізсіз жасалған шаруаның салдары ауыр болуы мүмкін. Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Апатты ғылыми тұрғыдан болжау, оның ықтималдығы мен әсерінің ауқымын дер кезінде бағалау өте маңызды. Су тасқыны, орман өрті және Алматыдағы жер сілкінісі осыны айқын аңғартты. Ашығын айтсақ, төтенше жағдайдың алдын алу ісінде айтарлықтай олқылықтар бар. Бұл – жылдар бойы шешімін таппаған мәселелер. Ең алдымен – білікті мамандардың тапшылығы. Тісті ғылыми қорытынды сапалы жасалмайды. Сондықтан жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек. Тараздағы гидромелиоративтік-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөнінде шешім қабылдадық. Оқу орнын материалдық-техникалық тұрғыдан толық жабықтау керек. Сейсмология институтының жағдайы да маз емес. Үкіметке осы институттың ғылыми әлеуетін арттыруға қатысты нақты ұсыныстар дайындауды тапсырдым, – деді Мемлекет басшысы.

Сондықтан алдағы уақытта еліміз бойынша осы бағытта жүйелі жұмыстар қолға алынбақ.

Жында ел Президенті ғылым экономиканың қарқынды дамуына септігін тигізуі керектігін, жасанды интеллектті жедел дамыту, университет ғылымын және ғылыми инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне баса назар аударуға қажеттігін, ғылымның кадрлық

әлеуетін нығайту мәселесі өте өзекті екеніне ерекше тоқталып, алдағы уақытта жүзеге асуы тиіс нақты шараларды айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы шетелдік ғылыми орталықтарда табысты жұмыс істеп жүрген ғалымдарымызды Қазақстанға қайтару маңызды деген ұсынысты қолдайтынын және отандастарымызды өз зерттеулерін Қазақстанда жалғастыруға шақыратынын жеткізді.

Бүгінде дарынды жастардың өз қабілетін шетелдік ғылымның игілігі үшін пайдаланғаны көңілге алаң туғызатын. Бұл туралы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Баянәлі Досжанов та пікір білдірді.

– Кенеске қатысушы ғалымдардың шет елдерге кеткен интеллектуалды, ғылыми әлеуетті елімізге қайтару жөніндегі ұсынысы өте орынды. Шындығында, шет елдерде қызмет етіп жүрген ғалымдарымыздың балабақшадан бастап, орта мектепте, жоғары оқу орнында білім алуына, тұлға болып қалыптасуына еліміздің қаншама қаржысы жұмсалды, қаншама еңбек жасалып, тер төгілді. Бірақ олар әртүрлі себептерге байланысты шет елге кетуге мәжбүр. Нәтижесінде олардың бар әлеуетін, еңбегін басқа мемлекеттер өздерінің дамуына пайдалануда. Сондықтан басқа мемлекеттердегі ғалымдарымызды елге қайтару, оларға барынша жағдай анықтау маңызды елге қайтару, оларға

Ұлттық кеңес отырысында ел Президенті білім саласы мен еңбек нарығын ұштастыруға ықпал ететін “Менің мамандығым – менің болашағым” жобасының жақсы нәтиже көрсетіп отырғанын, жоба аясында мамандықтар атласы әзірленіп, экономикалық құрылым мен әр аймақтың даму үрдісі зерттелуде екенін атап өтті.

Бұл жоба бойынша жұмыстар Сыр өңірінде де іске асуда. Өткен жылы қазан айында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Мамандығым – болашағым» өңірлік жобалық кенесі ашылып, университет қызметкерлері 5 күн бойы интенсивті режимде форсайттық зерттеу әдістемесі бойынша сертификаттау курсынан өтті. Әр өңірге қажетті негізгі мамандықтарды анықтауға мүмкіндік беретін жоба қазіргі уақытта еліміздің бірқатар аймағында жүзеге асуда.

А.НУРТАЙҚЫЗЫ



Нұрлан Құлмырзаев:

Басы: I-бетте

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИНСТИТУТЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІ АҒЫЛШЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ

– СеулТех-пен бірлескен халықаралық LUPIC жобасы бойынша қандай жұмыстар атқарылуда? Кореялық оқытушылар Қызылордадағы оқу процесін қашан бастайды?

– Жалпы, шетелдік оқу орны жоба бойынша заманауи құрылғылармен де қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта Сеултех университетінен Қорқыт ата университетіне 190 компьютер, 8 сервер, Дрон зертханасы, AR/VR құрылғылар және видеоконференц байланысқа арналған құрал-жабдықтар келуде. Сондай-ақ, Жасанды интеллект институтында оқыған студенттеріміздің Оңтүстік Корея мен Қазақстандағы оқу орнының дипломын бірдей алуына мүмкіндік беретін “қос дипломдық жүйе” туралы келіссөздер жүргізудеміз.

Бұл уақытқа дейін Оңтүстік Кореядан бірнеше профессор келіп, білім алушыларға дәріс өткізіп, тәжірибесімен бөлісіп үлгерді. Болашақта да Сеултех университетінің ең үздік профессорлары білім беруге келмекші.

– Студенттер оқуға тапсырарда арнайы критерий бойынша бақылана ма?

– Жасанды интеллект институтына оқуға түсу үшін биылғы түлектер «информатика + математика» пәндері бойынша УБТ тапсыруы керек. Кейін міндетті түрде біздің ағылшын тілінің деңгейін анықтайтын сынағымыздан өтуі қажет немесе IELTS 5+ сертификатты жарайды. Себебі бізде білім алу толық ағылшын тілінде жүргізіледі.

– Өңіріміздегі IT саланың дамуы мақсатында ауқымды жобаларды атқардыңыздар. Осы кезге дейінгі стартап жобалардың патенттеліп, өндіріске қосылғаны болды ма?

– Коммерциялық жобалар болды, әрине. Оның ішінде бірқатар мобильді қосымша, вебсайттар сатылымға шығарылып, қазір өз мақсаты бойынша пайдаланылуда.

– Бірнеше жыл бұрын мектептердің көбінде робототехника кабинеті ашылды. Осы саланың әксперті ретінде айтыңызшы, білім беру ұйымдарындағы бұл жұмыстың нәтижесі қалай болмақ, робототехникаға үйрететін мамандар жеткілікті ме?

– Робототехника кабинеттері ашылуы ашылады, бірақ мына дүниені түсінуіміз керек. IT – бір орында тұрмайтын сала. Жаңадан ашылған робототехника кабинетіндегі құрал-жабдықтар 2-3 жылдан кейін маңыздылығын жояды. Себебі оның орнын жаңа техника басады. Мектептерде робототехника кабинеттері 5-6 жыл бұрын бум болып ашылды да, сол күйінде қалып қойды. Бірақ технология дамуда, тіпті интеллектуалды роботтар пайда болды. Қазір көп мектептегі роботтар төмен деңгейдегі бағдарламамен жұмыс істейді. Маман даярлау жағына келсек, егер

нарықта сұраныс болса, мамандардың кәсіби білімін тез арада жетілдіруге мүмкіндік бар. Айталық, алғаш рет мектептерге робототехника заттарын әкелгенде мұғалімдер қиналғаны рас. Қазір информатиктердің барлығы дерлік бұл құрылғылармен жұмыс істей алады.

– Бір сұхбатыңызда “жеке идеясы бар жастарды жинақтап, ақпарат-технология мамандарының нарығын бақылап отырмын. Мәселен компаниялар тәуір IT маман іздеме, бізге хабарласалы” деген екенсіз. Бұл командалық әлі бар ма? Аймақ бойынша болашағынан үміт күттіретін жас технократтар деп кімдерді айтар едіңіз?

– Иә, әлі күнге дейін IT компанияларымен байланыстамыз. Өз коммуналдарымыз бар. Мұндай жұмыс орындары Quzylorda Hub арқылы да керек мамандарды іздейді. Арнайы талаптарына сәйкес университет, колледж бітірген түлектер, жан-жақта жүрген қызылордалықтардың арасынан жақсы маман тауып беруге тырысамыз. Қызылордада мықты IT мамандар жұмыссыз қалмайды. Қазірдің өзінде үш жұмыс орнына осы сала бойынша қызметкер қажет. Әрине, бірден табу оңай емес. Себебі білікті мамандар аз. Қазір ақпараттық қауіпсіздік, графикалық дизайн, вебсайт мамандары, жаңа бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін, интеллектуалды сайт әзірлей алатын маман қажет. Компаниялар мұндай қызметкерлерге бір жарым миллион теңгеге дейін еңбекақы төлейді.

Қызылордада “жақсы IT маман болғын келсе, басқа қаладағы ЖОО-да оқы” деген пікір бар. Біз қазір сол көзқарасты өзгертуге жұмыс істеп жатырмыз. Бүгін ғана Алматыдағы Нархозға кетіп қалған оқушымыз хабарласып, “ағай, сіздердің қандай жетістікке жеткендеріңізді көріп отырмын, келесі жылы Нархоздан Қорқыт ата университетіне атуымсыз болма ма?” деп жазса, екі-үш күн бұрын атыраулық оқушы “Қорқыт ата университетіне қалай түссем болады?” деп хабарласады.

Ал осы аптада өзміздің студенттеріміз оқушылармен қалыптасқан жасап, Түркістанда өткен республикалық жарыста I орын алып келді. Мұның бәрі, әрине, біртіндеп Қызылорданың имиджін көтерді. Бастысы жасанды интеллект, IT сала бойынша Сыр өңірінде үздіктер дайындалады, мықты мамандар жұмыс істейді деген көзқарас қалыптасуда.

Қазіргі уақытта қос мұғалімдердің арасында, Оқушылар үйінде де мықты бағдарламашылар жинақталған. Ешкімнің атын айтпай-ақ қояйын, есіме түспей қалғандары ренжіп қалар... Ең бастысы, бұрын өзміз дайындаған жастар қазір өздері команда құрып, жаңа жобалармен айналысуда. Бұл – өте қуанатын жағдай.

– Сұхбат үшін рақмет!

## БУЛЛИНГ: КІМ КІНӘЛІ?



Буллинг – қорқыту, келемеждеу, біреуге агрессивті қарым-қатынас. ЮНИСЕФ жариялаған деректерде мектеп жасындағы 150 мың оқушы сыныптастарынан зәбір көреді екен. Ал ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы өткізген зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанда 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір немесе бірнеше рет буллинг құрбаны болған.

Жалпы буллинктің 4 түрі бар. Физикалық буллинг – ұрып-соғу, құлату, итеру, зәбірленушінің физикалық жарақаттар алуы. Осындай жағдайда балалар көбіне «жай байқамай соғып алдым» деп ақталуы мүмкін.

Әлеуметтік буллинг – басқалардың зәбірленушіні өз орталарына қоспауы, алшақтатуы. Мәселен, оны әдейі естімейтіндей күй кешіп, елемеу, барлығы бірге отырысқа жиналғанда, дәл сол бір адамды шақырмау.

Кибербуллинг – бұл әлеуметтік желі, мессенджерлер арқылы жаман пікір жазып, келемеждеу немесе қолданушыны қорқыту.

Вебральді буллинг – мазақ ету, ар-намысқа тиетін ауыр сөздер айту.

## Себеп пен салдар

Барлық жәбірлеушілерге тән қасиет – қатыгездік. Ол балалық шақтан сіңіріледі. Буллингке қатты әсер ететін мәселе: отбасындағы жағдай. Балалар үйдегі болып жатқан ата-ананың ісін қайталауы мүмкін. Сондықтан ата-ана үйде балаға жақсы үлгі көрсетуі керек.

Бала қиын кездерді бастан өткізгенде, ішінде бір елеулі эмоциялар бой көтерсе, өз-өзіне сенімсіз болса, комплекстері болса, сол сенімсіздік арқылы басқаларға зиян тигізеді.

Мұның себебі ретінде үйден алатын тәрбиені де жатқызуға болады. Себебі, ата-аналар бала тәрбиесіне дұрыс ден қоймайды. Кішкентай бұзақылықтың өзіне «өскен соң бұл әдетін қояды» деп, бала тәрбиесіне салғырттық танытып жүре береді. Бірақ бұл жерде маңыздысы – балаға ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіру.

«Пәленшенің қызы мынадай, ал сенің түрің мынау» деп баланы өзгелермен салыстыру оларға қатты әсер етеді. Баланы басқа біреумен салыстыру, теңеу, баланың дәрежесін түсіру – іштей агрессия тудыруы әбден мүмкін.

## Қандай қатері бар?

Біріншіден, бала өз-өзіне деген сенімдікті жоғалтады. Өмір бойы «олар маған келемеждеп, ауыр сөздер айтты, мен шынында сондаймын ба?» деген албырт ойлар әрдайым жадынан кетпейтін болады.

Екіншіден, физикалық буллинг денсаулыққа үлкен зардап әкеледі. Сондай-ақ болашақта бұл тыртықтар мәңгі бала психикасында өз орнын қалдырады.

Үшіншіден, буллинг кесірінен өз-өзіне қол жұмсайтын жасөспірімдер көп. Балалар осы себепке бола өмірінен бас тарта алса, олардың «жай ойының» артында қандай қатыгездік жатыр?

## Алдын алуға бола ма?

Ең алдымен, «неге оны жауап ретінде ұрмадың?» деген тұжырымнан алшақ ұстанған дұрыс. Бала сізден сын емес, көмек күтеді. Сондықтан оған әрдайым жылы сөз айтып, қолдау көрсетіңіз. Бала ақ парақ секілді, әр сөз жүрегіне барады. Кейін де баламен ашық сөйлесуге тырысыңыздар. Сол кезде ол сізден көмек сұрауға қорықпайтын болады. Әрбір қиындық туындаған сәтте алғаш сізге жүгінеді. Ал егер жағдай асқынып кетсе, психологқа апарған жөн.

Кез келген бала физикалық, интеллектуалдық қабілеттеріне немесе материалдық жағдайына қарамастан буллинг құрбаны бола алады. Оның алдын алу тек біздің қолымызда!

Мерей ШӘКРАТ,  
№14 мектеп-лицейінің  
11 «А» сынып оқушысы  
Арал қаласы

## ЖАЙТАРТҚЫШТЫҢ ЖАЙЫ



Жай түсу – қатты нөсер кезінде шатыр-шұтыр етіп, күн күркіреп, жер бетіндегі бір затты, нәрсені найзағай ұшқының соғуы. Найзағай – бұл оң және теріс зарядталған бұлттар кездескенде пайда болатын алып электрлік ұшқынды разряд. Найзағай жарқылы үлкен разрядты токпен тең. Найзағай түскенде тал, ғимарат жанып кетуі мүмкін. Найзағайдың адамға түсуі өлімге дейін алып келеді.

Аса қауіпті, қорқынышты нәрселерді халық әртүрлі атпен атау дәстүрімен байланысты жай түсу, жасыл түсті, көк соқты деп те айтқан. Мұндағы жасыл түсті найзағай жарқылының (отының) жасыл болып көрінуімен, ал көк соқты «көк Таңірінің оғы соқты» деген сөз тізбегіне байланысты айтылғаны аңғарылады. Байырғы таным бойынша халық ауадағы, бұлт ішіндегі айқын-үйкеш жарқылды найзағай деп, ал жайды оның оғы деп түсінген. Ал жай деген атау түпқазақ тілінде, көне түркі тілінде «ю», «садақ» мағынасын білдірген екен.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша орташа есеппен бір тәулікте 8 млн-дай найзағай жарқылдаса, жылына 300 млн-ға жуық күн күркірейді екен. Жер бетінде найзағайдың түсуінен бір жылда 3000-ға жуық адам өмірімен қош айтысады.

Бұрыннан келе жатқан халық түсінігінде

жай (найзағайдың оғы) көбіне оқшау өскен ағашқа, атты адамға, әсіресе жылқы малына, биікте тұрған затқа түседі. Сондықтан жасы үлкен адамдар найзағай ойнаған қатты нөсерде ағаш түбін паналауға, ат үстінде жүруге, биіктеу жерде селтіп тұруға болмайды деп сақтандырады.

Сонымен қоса электр зарядын жақсы өткізетін жерлерге, биік заттарға түседі. Сондықтан жауынды күндері биік ағаштың астына, ылғал жерлерге тығылуға болмайды. Егер көлікте болса, көлікті тоқтату керек, яғни қозғалыста болмауы керек. Электр құрылғыларын тоқтан ажыратып, ұялы телефонын өшіру керек.

Осындай найзағайдың жайынан қорғану үшін жайтартқышты ең алғаш рет Америка заңының негізін қалаушы, саясаткер, ғалым Бенджамин Франклин ойлап тапты. Оның зерттеулерін көптеген ғалымдар қолдамады. Тек француз ғалымы Томас-Франсуа Далибар ғана Франклин ойлап тапқан құрылғыны құрастырды. Франклиннің ғылымдағы, саясаттағы, дипломатиядағы еңбегі ескеріліп, 1914 жылы Америка құрама штаттарының 100 долларлық купюрасына суреті басылып шығарылды.

Жайтартқыш – найзағайдың соққысынан қорғайтын құрылғы, яғни найзағайды



өзіне тартып алып, жерге жіберетін құрылғы. Ол үй-жайды, көліктерді, өндіріс орындары мен ауыл-шаруашылығындағы түрлі құрылыстарды және т.б. дүниелерді жай түсуден қорғайды.

Жайтартқыштың найзағайдан қорғай алатын аумағы болады. Негұрлым биік болған сайын оның қорғау аумағы артады. Ол төбелік бұрышы 45° болатын конустың астын алады.

Кез келген жай түсуінен қорғайтын құрылғы мынадай негізгі бөліктерден тұрады:

1. Жай қабылдағыш (яғни найзағайды тартып алушы);
2. Токты өткізгіш, (бұл токты жерлендіргішке тасымалдаушы);
3. Жерлендіргіш (бұл найзағайдың зарядын жерге сіңдіріп жіберуші).

Қазіргі кезде найзағайдан қорғану үшін көптеген биік ғимараттарда, өндіріс орындарында, зауыттарда және т.б. жерлерде жайтартқыштар орнатылған. Найзағайдың түсу қауіпінен қорғану үшін, биік орналасқан жеке тұрғын үйлерге де жайтартқыш орнатылса артық болмайды деп ойлаймын.

Нұрахмет НҰРЖАНҰЛЫ,  
М.Шоқай атындағы  
№187 ІТ мектеп-лицейінің  
3 «Б» сынып оқушысы  
Жетекшісі: Айгүл Қожарипова

## АДАЛДЫ ҚАЙДАН БІЛЕМІЗ?

Қазіргі таңда тұтынушылардың басым бөлігі дүкендерден әлгі екі тұрғын секілді «халал» өнімді іздейтін рас. Тіпті, кейбіреулер «халал» сөзінің мағынасын түсінбегенмен, сондай белгісі бар өнім қауіпсіз деп сенеді. Алайда соңғы кездері «халал» деп айдар таққан өнімдер де күмәнді бола бастады. Бұлай деуімізге салмақты себебіміз де бар. Өйткені соңғы жылдары Денсаулық сақтау министрлігі қаншама кәсіпорынның «халал» деп шығарған шұжықтарынан доңыздың ДНК-сын табуы жиіледі. Міне, осыдан келіп, «Халал» шынымен халал ма? деген ой туындады бізде. Бүгінгі әңгіме ауаны сол жадында болмақ.

Жаңыңа қажеттінің көбін кезіктіретін базар немесе дүкенге бара қалсаң, сатып алғалы тұрған азық-түлік өнімін «мынау халал ма?» деп сұрайтынымыз рас. Расында, «халал» сөзі нені білдіреді? Әуелі соған тоқталайық. «Халал» – рұқсат етілген нәрсені деген ұғымды береді. Ал «харам» дегеніміз тыйым салынған деген мағынада қолданылады. Дініміз дұрыс-бұрысын осылай бөліп береді. Алайда бұл халал өнімін не қызметін тек қана мұсылман елдері пайдаланады деген сөз емес. Біздің айтып отырғанымыз жалпылама түсінік.

Қазіргі таңда еліміздің ет және ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындарында малды дұрыстап соймай, керісінше электр тоғымен өлтіру, пышақпен ұрып өлтіру сияқты тәсілдер қолданылатын болған. Шетеледе малды байлап қойып, басын кувалдоммен ұрып не қазыққа байлап қойып, тоқ арамен мойнынан орып жібергенін де көргенбіз. Қош. Жалпы бұлайша өлтірген малдың бойында қан ұйып қалады. Медицина осылай дейді. Жөн-жосықсыз өлтірген жануар ең алдымен қорқып қалады-мыс. Ал мал қорыққан кезде бүйрек бездері шошынады екен. Міне, дәл осындай тәсілмен сойылған малдың етін жеген адамда қатерлі ісік ауруының қоздырғышы пайда болуы да мүмкін. Бұл жайында мамандар талай айтқан, айтып та келеді. Негізінен мұсылмандарда адал бауыздалмаған малдың етінен істелген тағамның бәрі «харам» деп есептеледі. Мұсылмандардың көбі, әсіресе, қазақ халқы



малды соярда жөн-жоралғысын жасап, «бісіміллосін» айтып, батасын қайырып, бауыздап сояды. Ал сол бауыздалған малдың бойындағы қан толығымен сыртқа шығады. Оны көпшілік білетін де шығар.

– Қазақ халқы малды «Менде азық жоқ, сенде жазық жоқ» деп, бісіміллосін айтып барып бауыздайды. Малды союдың жөн-жобасын кішкентай кезімізден көріп өстік. Мал сою жауапкершілікті, әсіресе тазалықты қажет етеді. Өйткені аздағы инфекция қанға барып жиналады. Оны медицинада да айтады ғой. Бірақ мұны қазақ ертеде білген. Жалпы малды сойғанда одан аққан қанның сыртқа толығымен шығуына мән беру қажет. Малдың қаны сыртқа толығымен шығарылса, ет таза, денсаулыққа пайдалы болады. Міне, осыны «халал» деп жеуге болады. Сондықтан малды сойғанда дұрыстап бауыздап, қанын толық ағызып барып терісін сыпыру керек, – дейді тәжірибелі қасапшы Ғабит Жарықасынов.

Денсаулық сақтау министрлігінің сөзіне сүйенсек, елімізде «халал» атын жамылған харам өнім аз емес екен. Яғни адал ас деп елді алпап, халалдың атын жамылып, құрамында доңыздың еті мен майы араласқан тауарлар сатып жүргендер бар. Осындай жайттардан соң «халалға» халықтың сенімі жоғала бастайтыны сөзсіз. Бұл мәселенің қалай, қашан реттелері де әзірге белгісіз.

Бүгінде кейбір компаниялар кәсіпкерлерге оңды-солды сертификат беріп, ақша тауып жүр. Өйтпесе, жаңағы айтқан кемшіліктер қайдан шықты? Қой терісін жамылған «қасқырлардың» салдарынан халал нарығы тұтынушылардан айырылса, шынайы «халал» өнімін шығаратын кәсіпорындар пайдадан қағылуда. Осындай жағдайды көргенде, бізге заңды күшейтіп, сонымен қоса қадағалауды да қатаңдатқан дұрыс шығар деп ойлаймын.

Соңғы мәліметтерге сүйенсек, айналамыздағы мемлекеттермен салыстырғанда халал өнімді тұтыну жағынан еліміз көш ілгері тұр екен. Өйткенмен көріп отырғанымыздай еліміздегі халал нарығында келенділіктер мен кемшіліктер аз емес. Тек енді уақыт оздырмай, осының барлығын бір ретке келтірсек игі. Себебі халал өнімінің ар жағында ұрпақ денсаулығы жатыр. Ет өнімдерінің халал жолмен өндірілуіне дұрыстап ден қойсақ, Алла алдында да, ар алдында да таза болып, халық дәм татар еді. Занды да, адалдықты да өзімізден бастау керек.

Фарида ЕРТУҒАНҚЫЗЫ,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда  
университетінің студенті

## ТІЛ – МӘҢГІЛІК МҰРАМЫЗ



Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Сондықтан ұлттық руханияттың өзегі.

Халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, баласына ана сүтімен дарыған, қалыптасқан асыл

мұра. Қазақ тілін көзіміздің қарашығындай сақтау біздің өмірлік қағидамыз болуы тиіс. Қазақты қазақ ететін, ұлтты ұлт етіп сақтайтын ана тілі екені даусыз.

Мемлекеттік тіл саясатын дамыту, тіл мәдениетін қалыптастыру және жастар арасында қазақ тілінің мәртебесін арттырып, тіл тазалығын сақтауға шақыру және кадрлеуге тәрбиелеу – біздің қоғамның басты назарында болуы керек. Өзінің тілін, әдебиетін білмеген, салт-дәстүрін қадрламаған адамды толық саналы тұлға деуге болмас. Сол себепті еліміз дамып, мемлекетіміз өркендеу үшін, әуелі қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз қажет. Өзге тілді үйренген адам рухани дамыса, сонымен бірге өзге ұлттың мәдениетін, дәстүрін үйренеді. Жаңа тілді үйрену арқылы таным кеңейеді. Осы заманда тіл білу – әркімнің дербес табыстылығының басты қағидасы.

Қазіргі уақытта, туған тілімізді шұбарлатып, өзге тілді араластыра сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала қазақтарды таза қазақша сөйлеуге тәрбиелеуіміз керек. Бүгінде де жастар, үлкен адамдар тілді толық білмесе де, паразит сөздерді қоса сөйлеп, қазақ тілін бұрмалауда. Ал ана тіліміздің қадірін келтіру, тілімізді сыйламау – қоғам үшін қатерлі. Елінің болашағын ойлаған әр азамат, әр тұлға өз ана тілінің болашағы үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, келбетті тіл – қазақ тілінің мәртебесін бірге көтерейік.

ӘЖҰМАХАН,  
Қызылорда облысының  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық сотының  
жетекші маманы





## МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ

О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?  
Тірі ме едің...

Мен де енді тірілемін!  
Ақ періште, алдыңа жүгінемін,  
Қолдай гөр, ғашықтардың пірі мені!

Махаббат лирикасы дегенде мұзбалақ Мұқағалидың отты өлеңдері ойымызға оралатыны ақиқат. Ал Шахановша айтқанда, «таусылмайтын әңгіме» болған тақырып – айналып келгенде адамзаттың басты құндылығы іспетті.

Ғашықтардың пірі болған Валентин күні осыдан біршама жыл бұрын елімізде де аталып өтетін. 14 ақпанда тойланып келген осынау мерекенің тарихы жайлы дерек келтірейік. Валентин – Рим императоры Юлий Клавдийдің сарбаздарға үйленуге тыйым салған заңын бұзып, некелескені үшін өлім жазасына кесілген адам. Дегенмен, дәл осы мереке жайлы түрлі аңыздар тарап, діни сипатқа ие болғаны тағы бар.

Бүгінде бұл мейрамның орнын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» күні басты. Ғашықтар мерекесін көрікті көктем мезгілінің ортасында, яғни сәуір айының 15 жұлдызында тойлау жастар арасында кеңінен үлдіс алып келеді.

Айтулы күн атауына арқау болған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының қысқаша мазмұнына көз жүгіртсек.

Жыр желісі бойынша Сарыбай мен Қарабай саятшылыққа жүріп, Қозы мен Баянды күні бұрын атастырып қояды. Аң аулап жүріп, ұлының дүниеге келгенін естіген Сарыбай сол аңшылыққа мерт болады. Атастырылып қойған Қозы мен Баян бір-бірін көрмесе де ынттық еді. Уақыт өте келе сараң Қарабай қызын жетім жігітке тұрмысқа беруден бас тартып, ата салтын бұзып, ел арасына есімі танылған палуан Қодарға ұзатпақшы болады. Қос ғашықтың ортасына түскен Қодар түбінде Қозыны ажал құштырып, басын алып тынады. Қайғыдан көкірегі қарс айрылған Баян өш алмаққа бекінеді. Ол Қодарға тұрмысқа шығу үшін құдықтан су

алып беруін айтып, шарт қояды. Баянның шашы арқылы құдыққа түскен сәтінде, қыз бұрынғы кесіп тастайды. Солай шыңырауға құлаған Қодар қаза табады. Ал Баян ғашықтың күмбезіне барып, өз-өзіне қол жұмсап, көз жұмады.

Туынды трагедиямен тәмамдалса да, оның басты мағынасы – ғашықтардың пәк махаббаты мен бір-біріне адалдығы.

– Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш пен Баян сұлу әлеуметтік мәселелер мен ата-ананың, басқа да адамдардың араласуымен бір-біріне қосыла алмаған. Демек бұл сол кезеңнің өзінде бір-бірін өліп-өшіп сүйген жандардың болғанын көрсетеді. Ал олардың қосылып бақытқа кенелгені қаншама! Тек осындай трагедиямен аяқталған оқиғаларды есте сақтап қалғанбыз. Жалпы, менің ойым, біздің жастар қай күні өз махаббатын жолықтырса, сол күні «махаббат күні» деп айтар едім. Сол күнді ғашығыммен жыл сайын атап өтсе болады. Әрине, өмір жолдары түйіссе, – дейді журналист, әлеуметтанушы Нұрлан Наурызалиев.

Тағдыр жолы тоғыспаған Қозы Көрпеш пен Баян сұлу Шығыс Қазақстан облысындағы Тансық ауылы маңындағы кесенеге жерленген. Кесене 1982 жылы тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды. Ал 2013 жылы Аягөз қаласында қос ғашықтың құрметіне ескерткіш орнатылды.

Аружан ОРАЛБАЙ

## САКСАФОНДЫ СЕРІК ЕТКЕН СЕРІ

Музыка саласын жанына серік еткен адам көп. Домбыра, фортепиано, қобыз танымал болғанымен сазды үнімен ерекшеленіп тұратын саксафон аспабынсыз шығатын ән кем де кем. Көптеген музыкалық туындыда үні естілетін үрмелі аспаптың орны айрықша. Осы орайда саксафонмен өмірін ұштастырған музыкант, композитор Ғалымжан Сәбитұлымен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Құрметті Ғалымжан мырза, сұхбатымызға келіскеніңізге рақмет! Алғашқы сұрағым сіздің музыкалық мансабыңыздың қалай бастау алғаны туралы болмақ. Бұл саланы және осы аспапты неліктен таңдағаныңыз туралы айтып беріңізші...

– Қазір Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінде саксафон пәнінің мұғалімімін. Сонымен қатар облыстық филармония жанынан құрылған «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблінің артисімін. Саксафон аспабын таңдауыма, жалпы музыка саласына қадам басып, канат жаюыма әкем себепкер болды. Жастайымнан қандай аспаптың жақсы екенін, музыканың қалай пайда болып, қалай құрылғанын, осы саланың бар қыр-сырын бойыма дарыта білген осы жан. Уақыт өте келе 9 сыныпты тәмамдап, әкемнің нұсқауымен және жүрегімнің қалауымен Қызылорда қаласының музыкалық жоғары колледжінің студенті болуға өтініш бердім. Сол кездері Асанәлі Мұхамеджанов алғаш рет саксафон сыныбын құрып, студент қабылдап жатыр екен. Сәті түсіп оқуға қабылдандым. Мінекей, сол кезден бері өмірім саксафонмен тығыз байланыста.

– Қандай музыка жанрын ұнатасыз? Орындайтын туындылардың сарыны қандай?

– Менің ойымша, нағыз музыкант кез келген музыка саласының аспектілерін, жанрын жете білуге міндетті. Себебі бұл оның мамандығы. Барлық музыкалық техника әдістерді мейілінше оңтайлы әрі еггі қолданып, тыңдарман сүйетін туынды ойлап табуы тиіс. Жалпы, музыкамен айналысу үшін талант қажет. Ол болмаса барша еңбек зая кетпек емес пе? Нағыз дарын иесі кез келген тыңдарманды музыканың құдіретімен жылата да, құлдіре де алады. Мен барлық жанрда туындыларды орындай аламын, өзіме ұнайды. Бұл менің мамандығымның нағыз қызықты да, мол тәжірибеге толы тұсы деп білемін.

– Өзге музыканттармен дуэт жасауға қалай қарайсыз? Білдімше, сізбен бірге сахнада өнер көрсететін музыкалық серігіңіз бар екен...

– Жалпы, дуэт жасау өзіндік симфониялық ерекшелікке ие. Туындыны өзге аспаппен көркемдейсің, бұл бір арнаға тоғысқан бірнеше сезімдердің легі ғой. Әріптестеріммен музыкалық та, достық та қарым-қатынас құрасың. Иә, менің



музыкалық серігім бар. Ол – өте дарынды скрипкашы Анастасия Мусинова. Одан бөлек басқа да әріптестеріммен дуэт жасап, талай сахнада өнер көрсеттім.

– Саксафоннан бөлек қандай аспаптарда ойнай білесіз?

– Саксафоннан бөлек, фортепиано, флейта, блокфлейта, кларнет, барабан, дауылпаз деген аспаптарда кез келген шығарманы орындай аламын. Әрі “жігітке жетпіс өнер де аз” деп, қызыққан аспапты қағып әкетеміз.

– Шәкірттеріңіз бар ма? Қазақстанда үздік деп қандай саксафонист-музыканттарды айта аласыз?

– Шәкірттерім Астанада, Қазақ Ұлттық өнер университетінде және Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында оқуын жалғастыруда. Бұл консерватория қазақ жеріндегі музыканың нағыз қайнар көзі. Менен тәлім алып, өнердегі үлгі тұтып жүрген аға-апапаларымыздан дәріс алып жүрген студенттеріммен мақтанамын. Қазір оқытып жатқан шәкірттерім Айтат Абдулла, Максат Сахиев, Олжас Романов халықаралық, республикалық, облыстық конкурстардың лауреаттары.

Қазақстанда бойына талант дарыған саксафоншылар қатары, оның ішінде үздік деп санайтын жан көп. Атап айтсақ, Шыңғыс Жангелдиннің өнеріне тамсанамын. Ал жерлес Батырхан

Шөкенов ағамызды айтпай кету үлкен әбестік болар. Өмірден ерте озма да, өнері мен есімі ел жадынан шықпақ емес.

– Сахнада өнер көрсетуге қалай дайындаласыз? Қиыншылықтар болды ма?

– Менде көпшілік секілді сахнаның қандай да бір түрінде тұрып, қатесіз өнер көрсетуді жақсы көремін. Кейде абдырап, кейде шымырланып тұрамын. Пенде болған соң алақаның терлеп те кетеді. Алайда сахнаның киесі бар. Барынша жауапкершілікпен қараймын. Өнер көрсету үшін ұзақ дайындалып, үздік екенімді шеберлікпен көрсетіп жүрмін. Бұған көрерменнің өзі куә.

– Авторлық туындыларыңыз бар ма? Алдағы уақытқа жоспарларыңызбен бөлісе кетсеңіз...

– Авторлық композицияларым бар, шүкір. Кейбірінің әлі «сиясы» келмеген. Оларды әлі біраз әрлеп, толық пысықтап болған соң, аймақтағы саксафоншыларға орындатуды жоспарлап отырым. Тағы да айта кететіні, Алла қаласа, саксафон аспабын тез үйренуге көмектесетін кітап жазып, музыка сүйер қауым назарына ұсынуды қалаймын. Бұл да әлі нүктесі қойылмаған мақсаттарымыз бірі болып тұр.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Нұршат НЫШАНОВА

## КӨКТЕМ ЖЫРЛАРЫ

Роза СЕЙІЛХАН

Тереземді ашық қалдырдым,  
Енсіз деп иісі көктемнің,  
Жетсін деп үні жаңбырдың,  
Ғажап бір күйді өткердім.

Бұл көктем қандай көктем деп,  
Сол шақты өткен ойға алдым.  
Айнала сондай көкпенбек,  
Гүл сыйлап оған қойған кім?

Жарық дүние жақсы екен,  
Қадірін ұғып, білгенге,  
Таң солай күнде атса екен,  
Таусылмай өмір бір демде.

Ауырдан босап, жеңілдеп,  
Тамыры талдың тіріліп,  
Қытып қырдан көрінбек,  
Бір арман, тағы бір үміт.

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА

Қас-қағым сәтте оянып алған,  
Ұялақ түске боянып алған,  
Ессіздеу менің арманым..  
Мен сенен қайтсем  
бездер екенмін,  
Алқынған күйді сезер екен кім?..  
Ардағым...

Жан қызуыңды жалап кететін,  
бар қызығыңды тонап кететін  
күндерім менің бұлағай.  
Көзінде ұяң сыр түнеді ғой...  
көрмеуім-дағы мүмкін еді ғой...  
Бұ қалай?!..

Жаңбырға тоңған жапырақ сынды,  
Жапырақ жауған атырап сынды,  
Сағыныш түстес тағдырым.  
Не айтпайын саған күліп тұрсың ғой,  
Көрмей-ақ сезіп, біліп тұрсың ғой  
барлығын...

Сағыныш НАМАЗШАМОВА

Жаңбырда да бір жасын бар,  
Жанның оты өше ме?!  
Жауын жауса қолшатырлар  
қыдырады қошеда.

Ауыр тұман ауада кіл,  
Қорғанышы санаған,  
бұлт қондырып бара жатыр,  
төбесіне әр адам.

Қолшатырлар даңғылменен  
дөңгелейді жер үсті.  
Кеністіктің жаңбыр деген  
жан қабаты ең ішкі.

Содан екен жүрегіммен  
табатыны үйлесім.

Қолшатырды қалдыршы үйге,  
Тамшы біткен билесің!

Топырақты сүйсін жауын,  
Құшағыңда ерісін.  
Мені қойшы... жаңбыр дәйім,  
Жаусын Қара жер үшін!

Жадыра БАЙБҰЛАНОВА

Көктемді ертіп келемін, көктемді ертіп!  
Көп өкінген екенмін өткенге елтіп...  
Мұңлы адамша жыласам, сөкпендер түк,  
Жынды адамша қуансам, сөкпендер түк!

Көктемді ертіп барамын, қайда барсам,  
Жараса ма гүлден тәж байлап алсам?  
Ренжімдер шаттанып, құлмидесем,  
Ренжімдердер біртоға ойға қалсам...

Бір естілмей дауысы, бір естіліп,  
Өткен сәттер қалады кіл ескіріп.  
Жүректегі күн нұрлы көктемімнен,  
Барлығына берейін үлестіріп!

Жалған жеңіп соңында, жыр ұтылып,  
Сен де сонда кетерсің ұмытылып...  
Көктем деген – көнбейтін «ұмыт, ұмыт...»  
Көктем деген – сөнбейтін үміт... үміт...

Жазира БАҚАЕВА

Кешегі күн – сәтті еді ғой, сәтті еді...  
Кеше мұңым тәтті еді...  
Базар дүние бақшасында құлпырған,  
Бақ-бақ басым бақты еді.

Кешегі күн – жаз еді ғой, жаз еді.  
Кеше мұңым аз еді...  
Кесте күннің кергілгені болмаса,  
Нәркес көңілім наз еді...  
.. Бүгінгі күн, бүгін әлем сүйкімді,  
Сәби алқым дүние – жұттым  
жұпар ісіңді.  
Күн-жүректі нәзік сырға  
толтырды,  
Кербез дала күмбірлеген күй  
сынды.

Неткен жылы мейірімің көк  
пен жер.  
Неткен жұмсақ  
маңдайымнан өпкен  
жел.  
Нәзік сезім  
қылын үзіп  
кеткендей,  
Нере ғашық болады екен  
көктемге ел?!